



Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

25 шілде 2026 жыл Сенбі №29 (12 080)

<https://qarqaralygazeti.kz>

www.facebook.com/qarqaralygazeti/

qarqaraly_gazeti

karkaraly_too@mail.ru

Маман мерейі



Еңбекке құрмет – елге құрмет

Қарқаралы ауданында ветеринария саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай салтанатты кездесу ұйымдастырылды. Аудан әкімі Саят Мусин ветеринария саласының қызметкерлері мен ардагерлерімен кездесіп, олардың ел игілігі жолындағы еселі еңбегіне ризашылығын білдіріп, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Жиынға ветеринария саласының ардагерлері, аудандық ветеринариялық станса мен ветеринариялық бақылау қызметінің мамандары, ауылдық округтердің ветеринариялық дәрігерлері қатысып, саладағы өзекті мәселелер мен атқарылып жатқан жұмыстар төңірегінде пікір алмасты.

Кездесу барысында аудан әкімі ветеринария саласының ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы орны ерекше екенін атап өтті. Оның айтуынша, мал шаруашылығы – Қарқаралы өңірінің негізгі табыс көздерінің бірі. Сондықтан төрт түліктің саулығын сақтау, қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу, эпизоотиялық ахуалды тұрақты бақылауда ұстау – ауыл шаруашылығының тұрақты дамуының басты кепілі.

– Ветеринария – үлкен жауапкершілік пен жоғары кәсібилікті талап ететін маңызды сала. Ауданымыздағы тұрақты

эпизоотиялық жағдай, мал шаруашылығының өнімділігі мен ауыл шаруашылығының орнықты дамуы – сіздердің адал еңбектеріңіздің нәтижесі. Ел игілігі жолындағы қызметтеріңіз үшін баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толайым табыс тілеймін, – деді аудан әкімі Саят Қабыденұлы.

Шарабарысындаветеринария мамандарының күнделікті қызметі – тек мал емдеумен ғана шектелмейтіні ерекше айтылды. Олар жануарлардың жұқпалы ауруларының алдын алу, профилактикалық егу жұмыстарын жүргізу, эпизоотиялық мониторинг ұйымдастыру, мал өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрғындарға ветеринариялық қызмет көрсету секілді маңызды міндеттерді абыроймен атқарып келеді. Бұл жұмыстар аудан тұрғындарының әл-ауқаты мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде айрықша рөл атқарады.

Сондай-ақ кездесуде сала ардагерлерінің көп жылғы тәжірибесі мен қажырлы еңбегі ерекше құрметпен аталып өтті. Өз өмірін ветеринария саласына арнаған азаматтардың кәсіби жолы жас буын мамандарға үлгі екені айтылып, олардың ауданның мал шаруашылығының дамуына қосқан үлесі жоғары бағаланды.

Қазіргі таңда Қарқаралы ауданында ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мал басын бірдейлендіру, жоспарлы профилактикалық іс-шаралар өткізу, аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу және ветеринариялық-санитариялық талаптардың сақталуын бақылау жұмыстары тұрақты жүзеге асырылып келеді.

Бұл бағыттағы жетістіктердің негізінде сала мамандарының кәсіби біліктілігі, жауапкершілігі мен табанды еңбегі жатыр.

Кездесу соңында ветеринария саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерлер мен сала ардагерлері Қарқаралы ауданы әкімінің Алғыс хаттарымен және арнайы марапаттарымен марапатталды.

Марапат иелеріне ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге қосқан үлестері үшін алғыс айтылды.

Мерекелік шара жылы жүздесу мен еркін пікір алмасу форматында өтіп, ветеринария мамандарының қоғамдағы еңбегіне көрсетілген құрметтің жарқын көрінісіне айналды.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына қызмет етіп жүрген сала қызметкерлеріне алдағы уақытта да зор табыс, қажымас қайрат және толайым жетістіктер тілейтін ізгі лебіздер айтылды.

Баршын ЕРТІСҚЫЗЫ

Анонс

Ел мақтанышының мерейтойына арналған салтанатты шараға келіңіздер!

Құрметті қарқаралылықтар, қадірлі жерлестер!

Биыл қазақ халқының мақтанышы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы, әскери сынақшы-ұшқыш, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровтің 80 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтеді.

Осы айтулы мереке аясындағы салтанатты іс-шаралар 2026 жылғы 1 тамыз күні Қарқаралы ауданындағы «ҚАРҚАРАЛЫ GO» этно-лагері аумағында ұйымдас-тырылады.

Мерекелік бағдарлама мазмұнды әрі ауқымды болмақ. Қонақтарды облыстың үздік өнер ұжымдарының қатысуымен концерттік бағдарлама, ұлттық спорт түрлерінен тартысты жарыстар, этномәдени шаралар мен қызықты мәдени-көпшілік іс-шаралар күтеді.

Спорттық жарыстар таңғы 09:00-де басталады. Қатысушылар қазақ күресі, қол күресі және садақ ату бойынша бақ сынайды. Қазақ күресі екі салмақ дәрежесінде өтсе, түйе палуандар белдесуі де жанкүйерлер назарын өзіне аудармақ. Сонымен қатар ерлер мен әйелдер арасында садақ атудан, әртүрлі салмақ дәрежесінде қол күресінен жеңімпаздар анықталады.

Жарыс жеңімпаздарына қомақты ақшалай сыйлықтар мен бағалы жүлделер табысталады. Атап айтқанда, қазақ күресінің 74 келі салмақ дәрежесі бойынша бас жүлдеге автокөлік тігілсе, түйе палуандар сайысының жеңімпазы 1 миллион теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыққа ие болады. Қол күресі мен садақ ату сайыстарының жеңімпаздары да 100 мыңнан 300 мың теңгеге дейінгі ақшалай жүлделермен марапатталады. Ат спортының жанкүйер-

ТОҚТАР ОҢҒАРБАЙҰЛЫ ӘУБӘКІРОВТЫҢ

80 ЖАС

МЕРЕЙТОЙЫ

2026 жылдың 1 тамызында

«ҚАРҚАРАЛЫ GO» этно-лагері аумағында мерейтойлық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Бағдарлама аясында:
Облыстық өнер ұжымдарының мерекелік концерттік бағдарламасы, ұлттық спорттық жарыстар мен сайыстар өтеді.

СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР: 09:00-ДЕН БАСТАП

74 кг салмақта Қазақ күресі және +74 кг Түйе палуандар сайысы

70 кг салмақта және +74 кг салмақта Қол күресі

ҰЛТТЫҚ СПОРТ САЙЫСТАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕЛЕРІ

САДАҚ АТУ ЕР АДАМДАР	САДАҚ АТУ ӘЙЕЛ АДАМДАР	КОЛ КҮРЕСІ 70 КГ САЛМАҚ	КОЛ КҮРЕСІ 74 КГ САЛМАҚ
1-орын 200 000 ₸ 2-орын 150 000 ₸ 3-орын 100 000 ₸	1-орын 200 000 ₸ 2-орын 150 000 ₸ 3-орын 100 000 ₸	1-орын 300 000 ₸ 2-орын 200 000 ₸ 3-орын 100 000 ₸	1-орын 300 000 ₸ 2-орын 200 000 ₸ 3-орын 100 000 ₸

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ 74 КГ САЛМАҚ

1-орын АВТОКӨЛІК 2 000 000 ₸
2-орын 1 000 000 ₸
3-орын 500 000 ₸

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ +74 КГ САЛМАҚ ТҮЙЕ ПАЛУАН

1-орын АВТОКӨЛІК 2 000 000 ₸
2-орын 1 000 000 ₸
3-орын 500 000 ₸

КҰНАН БӘЙГЕ 11 ШАҚЫРЫМ

1-орын АВТОКӨЛІК 2 000 000 ₸
2-орын 1 000 000 ₸
3-орын 500 000 ₸

ТОП БӘЙГЕ 18 ШАҚЫРЫМ

1-орын АВТОКӨЛІК 2 000 000 ₸
2-орын 1 000 000 ₸
3-орын 500 000 ₸

АЛАМАН БӘЙГЕ 30 ШАҚЫРЫМ

1-орын АВТОКӨЛІК 2 000 000 ₸
2-орын 1 000 000 ₸
3-орын 500 000 ₸

лері үшін де қызықты дода ұйымдастырылады. Сағат 15:00-де Жаңаеңгіз ауылының атшабарында құнан бәйге, топ бәйге және аламан бәйге өтеді. Бәйгелердің жеңімпаздарына автокөліктер мен миллиондаған теңге көлеміндегі ақшалай сыйлықтар тағайындалған.

Кешкісін мерейтойлық концерт өтеді. Мерекелік кештің хедлайнері – белгілі өнші Әділет Жауғашар. Сонымен қатар Қарағанды облысының өнер шеберлері мен еліміздің эстрада

жұлдыздары сахна төрінде өнер көрсетіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл қыспайды.

Тоқтар Әубәкіров – қазақ елінің ғана емес, күллі әлем қазақтарының мақтанышы. Оның ғарышты бағындырған ерлігі мен Отан алдындағы ерен еңбегі – кейінгі ұрпаққа үлгі, елдік пен ерліктің жарқын көрінісі.

Барша аудан тұрғындары мен қонақтарын айтулы мерейтойдың куәсі болып, ел мақтанышының 80 жылдық мерейтойын бірге атап өтуге шақырамыз!

Аудан тынысы

Қарқаралы ауданы әкімдігінде аудан әкімі Саят Мусиннің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық жиын өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім және мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері, сондай-ақ жауапты сала жетекшілері қатысты.

Аппараттық кеңестің күн тәртібіне ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін бірнеше маңызды мәселе енгізілді. Атап айтқанда, мал азығын дайындау және алдағы егін орағы науқанына әзірлік, рұқсат етілмеген қоқыс полигондарын жою, 2026–2027 жылғы жылыту маусымына дайындық, халықты жұмыспен қамту шаралары, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары мен жанар-жағармай бағаларының тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты қаралды.

Кеңес барысында ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы қазіргі ахуалға ерекше назар аударылды. Мал азығын дайындау жұмыстарының барысы, жем-шөп қорын жеткілікті көлемде қалыптастыру, шабындық алқаптарындағы жұмыстардың қарқыны және егін орағына қажетті техника мен жанар-жағармай қорының дайындық деңгейі талқыланды.

Бұл бағыттағы жұмыстардың күзгі дала жұмыстары бастал-



ғанға дейін толық аяқталуы қажеттігі атап өтілді.

Сонымен қатар аудан аумағындағы экологиялық ахуалды жақсарту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ.

Жауапты сала басшылары рұқсат етілмеген қоқыс полигондарын анықтау және оларды жою бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде баяндап, санитарлық тазалықты сақтау бойынша қабылданып жатқан

шаралар туралы ақпарат берді.

Аудан әкімі бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуі тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырумен қатар қоршаған ортаны қорғауда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Жиында алдағы жылыту маусымына дайындық мәселесі де кеңінен сөз болды. Әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің қысқы кезеңге әзірлігі, қазандықтардың техникалық жағдайы,

көмір қорының жеткізілуі және инженерлік желілердің дайындығы жөнінде жауапты бөлім басшылары есеп берді. Саят Мусин жылыту маусымын сапалы өткізу үшін барлық дайындық жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтаудың маңыздылығына тоқталды.

Халықты жұмыспен қамту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар да кеңес күн тәртібінен орын алды.

Мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы, жаңа жұмыс орындарынашу, жұмыссыз азаматтарды тұрақты еңбекпен қамту және кәсіпкерлікті қолдау шаралары жөнінде тиісті бөлім басшылары баяндама жасады. Бұл ретте еңбек нарығындағы тұрақтылықты сақтау және жұмыспен қамту көрсеткіштерін жақсарту бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттігі айтылды.

Кеңейтілген аппараттық жиында тұрғындардың әлеуметтік жағдайына тікелей ықпал ететін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары мен жанар-жағармай бағаларының тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше көңіл бөлінді.

Жауапты сала мамандары баға мониторингінің нәтижелері, тұрақтандыру шаралары және кәсіпкерлермен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша жауапты бөлім басшылары мен сала жетекшілері атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлары жөнінде жан-жақты ақпарат беріп, өздеріне жүктелген міндеттердің орындалу барысы туралы есеп ұсынды.

Баршын ЕРТІСҚЫЗЫ

«Құрылтай депутаттарының сайлауы – елдің бірлігі мен жауапкершілігінің айқын көрінісі»

Қазақстан Республикасында 2026 жылғы 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауы – елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі. Бұл науқан азаматтардың конституциялық құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, қоғамның бірлігі мен жауапкершілігін айқындайтын маңызды кезең саналады. Осыған орай Қарқаралы ауданында атқарылып жатқан дайындық жұмыстары, сайлау учаскелерінің өзірлігі және тұрғындардың белсенділігі жөнінде Қарқаралы аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Сләмиден Қамашұлы Нұрқеновпен сұхбаттасқан едік.

– Құрметті Сләмиден Қамашұлы, Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық жұмыстары қалай жүргізілуде?

– 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық Қарқаралы ауданында жоспарлы түрде жүргізілуде. Бүгінде барлық ұйымдастыру шаралары заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылып жатыр.

Аудан бойынша барлығы 51 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс істейді. Олардың құрамында 269 комиссия мүшесі қызмет атқарады. Қазіргі уақытта сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық жарақтандырылуы, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі және ұйымдастыру жұмыстары кезең-кезеңімен аяқталуда. Сонымен қатар комиссия мүшелерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге ерекше көңіл бөлінуде. Арнайы оқу семинарлары мен түсіндіру жұмыстары жоспарға сәйкес өткізіліп, сайлау заңнамасындағы талаптар жан-жақты түсіндірілуде.



– Сайлау учаскелеріндегі комиссия мүшелерінің басты міндеті қандай?

– Сайлау комиссияларының негізгі міндеті – әрбір азаматтың конституциялық сайлау құқығын еркін жүзеге асыруына толық мүмкіндік жасау. Сайлау барысының ашықтығын, әділдігін және заң талаптарына сай ұйымдастырылуын қамтамасыз ету – біздің басты жауапкершілігіміз.

Комиссия мүшелері дауыс беру рәсімінің барлық кезеңінде заңдылықтың сақталуын қадағалайды. Әрбір сайлаушының құқығы қорғалып, дауыс беру құпиясы толық қамтамасыз етіледі. Бұл – сайлауға деген халық сенімін нығайтатын маңызды талаптардың бірі.

– Мүгедектігі бар азаматтар үшін қандай жағдайлар қарастырылған?

– Инклюзивті қоғам қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың маңызды

бағыттарының бірі. Сондықтан ауданымыздағы барлық сайлау учаскелерінде мүгедектігі бар азаматтардың дауыс беруіне қолайлы жағдайлар жасалған.

Атап айтқанда, ғимараттарға пандустар орнатылған, ыңғайлы кіреберістер қарастырылған, қажетті ақпараттық сүйемелдеу ұйымдастырылған. Қажет болған жағдайда азаматтарға көмек көрсету тетіктері де қарастырылған. Басты мақсатымыз – әрбір сайлаушының ешқандай кедергісіз өз таңдауын жасауына мүмкіндік беру.

– Сайлау күні азаматтар нені білуі қажет?

– Ең алдымен, әрбір сайлаушы өзі тіркелген сайлау учаскесіне жеке басын куәландыратын құжатпен келуі тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әр азамат өз дауысын өзі береді. Дауыс беру



құқығын басқа адамға беруге немесе басқа біреу үшін дауыс беруге жол берілмейді.

Комиссия мүшелері барлық рәсімнің заң талаптарына сәйкес өтуін қамтамасыз етеді. Сондықтан тұрғындарды белгіленген тәртіпті сақтап, сайлауға жауапкершілікпен қатысуға шақырамыз. Азаматтардың белсенділігі – әділ әрі ашық сайлаудың басты көрсеткіші.

– Жалпы, мұндай саяси науқанның қоғам үшін маңызы қандай деп ойлайсыз?

– Сайлау – демократиялық қоғамның басты институттарының бірі. Ол азаматтардың ел тағдырына бейжай қарамайтынын, қоғамдық мәселелерге белсенді араласатынын көрсетеді. Құрылтай депутаттарының сайлауы да қоғамның бірлігі мен өзара жауапкершілігін айқындайтын маңызды саяси науқан деп есептеймін.

Әрбір берілген дауыс – еліміздің ертеңіне деген сенімнің және азаматтық ұстанымның көрінісі. Сондықтан әрбір тұрғын өз таңдауын саналы түрде жасап, ел болашағына үлес қосады деп сенемін.

– Аудан тұрғындарына айтар тілегіңіз?

– Құрметті Қарқаралы ауданының тұрғындары! Баршаңызды алдағы сайлауға белсенді қатысуға шақырамын. Әрбір дауыс – мемлекетіміздің болашағына қосылған маңызды үлес. Азаматтық жауапкершілік танытып, өз таңдауларыңызды жасаңыздар. Бірлігіміз бекем, еліміздің іргесі берік болсын!

– Өңгімеңізге рақмет! Жауапты жұмыстарыңызға табыс тілейміз.

– Рақмет! Баршаңызға амандық, ел тыныштығын тілеймін.

Меруерт БАЛКЕЕВА

Инфрақұрылым

Т.Әубәкіров көшесінің қайта жаңарту жұмыстары толық аяқталды

Қарқаралы қаласының инфрақұрылымы жаңарып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалуда

Қарқаралы қаласында тұрғындардың жайлы өмір сүруіне бағытталған маңызды жобалардың бірі – Т.Әубәкіров көшесін қайта жаңарту жұмыстары сәтті аяқталды. Қала көшелерін абаттандыру және жол сапасын жақсарту бағытында атқарылған бұл жұмыс шаһардың көлік инфрақұрылымын дамытуға қосылған маңызды үлес болып табылады.

Аталған жоба 2024 жылы басталып, белгіленген жоспарға сәйкес толық жүзеге асырылды. Құрылыс жұмыстарын тәжірибелі мердігер ұйым – «АрмСтрой» ЖШС жүргізді. Жұмыстардың сапалы орындалуы техникалық және авторлық қадағалау мамандарының тұрақты бақылауында болды. Атап айтқанда, техникалық қадағалауды «Құрылыста экспертиза» ЖШС, ал авторлық қадағалауды «ТОП Геодезия» ЖШС жүзеге асырды.

Жоба аясында көшенің жол жабыны толық жаңартылып, заманауи талаптарға сай үш қабатты асфальт-бетон төсемі төселді. Бұл көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, жолдың пайдалануға жарамдылық мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасау мақсатында жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар салынды.

Көше бойындағы жарықтандыру жүйесі де жаңартылып, заманауи талаптарға сай жарық шамдары орнатылды. Бұл өсіресе кешкі және түнгі уақытта тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ма-



ңызды шаралардың бірі. Бұдан бөлек, жауын-шашын және еріген қар суларының тиімді ағуын қамтамасыз ету үшін суағар жүйелері ретке келтіріліп, қажетті жол белгілері қойылды.

Қайта жаңарту жұмыстары барысында көшенің тек жол сапасына ғана емес, оның жалпы көркі мен тұрғындарға қолайлылығына да ерекше мән берілді. Жаңарған көше қала келбетінің жақсаруына, қоғамдық кеңістіктердің сапасын арттыруға және тұрғындар үшін қауіпсіз әрі жайлы орта



қалыптастыруға ықпал етеді.

Бүгінде Т.Әубәкіров көшесі толық пайдалануға берілді. Атқарылған жұмыстар қала тұрғындарының күнделікті өміріне оң әсерін тигізіп, көлік қатынасының сапасын жақсартуға мүмкіндік беріп отыр.

Қарқаралы қаласының жол-көлік инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы мұндай жобалар алдағы уақытта да жалғасын табады. Бұл – елді мекенді абаттандыру, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау және қаланың заманауи талаптарға сай дамуына бағытталған жүйелі жұмыстардың бір бөлігі.

Меруерт БАЛКЕЕВА

Қазақстан Республикасының сайлау учаскелерінен тыс жерде дауыс беру

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетенді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетенді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Голосование вне избирательных участков Республики Казахстан

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Граждане Республики Казахстан, которые в день голосования не могут прибыть на избирательный участок по состоянию здоровья, в связи с уходом за больным членом семьи, а также проживающие в отдаленных и труднодоступных районах, где не образованы избирательные участки, вправе проголосовать вне помещения для голосования.

Для этого избирателю необходимо не позднее 12:00 часов местного времени дня голосования (23 августа 2026 года) подать в участковую избирательную комиссию по месту своей регистрации письменное заявление об организации голосования в месте его пребывания.

Член участковой избирательной комиссии в месте его пребывания в день голосования выдает избирателю бюллетень для голосования на основании поданного заявления и по предъявлении документа, удостоверяющего личность. Факт получения бюллетеня для голосования удостоверяется подписью избирателя в заявлении.

Член участковой избирательной комиссии, выдавший бюллетень, ставит в нем свою подпись, а также расписывается в заявлении избирателя. При проведении голосования обеспечивается обязательное соблюдение тайны волеизъявления избирателя.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

Құттықтаймыз!

Құрметті **Омарова Гүлзада Зейнулли-новна!**
Сізді мерейлі 70 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!
Саналы ғұмырыңызды заң үстемдігін нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға арнап, қорғаушы мамандығын абыроймен атқарып келесіз. Көпжылдық адал еңбегіңіз, жоғары кәсібилігіңіз, адамгершілік қасиеттеріңіз бен өмірлік мол тәжірибеңіз Сізге зор құрмет пен сенім әкелді.
Осынау мерейлі белесте Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, бақ-береке, баянды бақыт тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, әрдайым елдің алғысына бөлене беріңіз. Мерейіңіз үстем, абыройыңыз асқақ, шаңырағыңыз шаттық пен қуанышқа толы болсын!

Ізгі тілекпен, **Аудандық сот ұжымы.**



Құттықтаймыз!

Құрметті Әлия Есенгельдіқызы!
Сізді мерейлі 60 жасқа толған мерей-тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!
Сіз – саналы ғұмырыңызды спорт са-ласына арнап, талай шәкірттің бойына жеңіске деген жігер мен спортқа деген сүйіспеншілікті дарытқан білікті бапкер, ұлағатты ұстазсыз. Ұзақ жылдар бойы Қар-қаралы ауданында үстел теннисі спор-тын дамыту жолында аянбай еңбек етіп, жас спортшыларды тәрбиелеп, олар-дың облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары жетіс-тіктерге жетуіне өлшеусіз үлес қосып келесіз.
Әрбір шәкіртіңіздің жеңісі – Сіздің маңдай теріңіз бен қа-жырлы еңбегіңіздің жемісі. Талап пен тәртіпті, табандылық пен еңбекқорлықты ұштастыра білген Сіз тәрбиелеген спортшылар ауданымыздың ғана емес, еліміздің мерейін үстем етіп келеді.
Сізді әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіз құрметтейді, себебі Сіз кәсіби шеберлігіңізбен қатар, адамгершілігіңізбен, қарапайымды-лығыңызбен, мейірімді мінезіңізбен көпшілікке үлгі болып келесіз.
Осынау мерейлі белесте Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке, құт-несібе тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің толағай табысына әрдайым қуанып жүре беріңіз.
Алар асуларыңыз биік, мерейіңіз үстем, абыройыңыз асқақ болсын! Мерейтойыңыз құтты болсын!

Ізгі тілекпен, **Қарқаралы аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымы.**



Анонс

Қарқаралыда республикалық «QARQARALY BUGYLY TRAIL» марафоны өтеді

2026 жылғы 25–26 шілде күндері қасиетті Қарқаралы жерінде республикалық «QARQARALY BUGYLY TRAIL» марафоны ұйымдастырылады.



Аудан әкімдігі мен Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің қолдауымен өтетін ауқымды спорт-тық шара салауатты өмір салтын насихаттауға, бұқа-ралық спортты дамытуға жө-не қазақтың тұңғыш ғарыш-кері, Кеңес Одағының Ба-тыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Тоқтар Оңғарбай-ұлы Әубәкіровтің 80 жылдық мерейтойына арналады.

Екі күнге созылатын дү-бірлі додаға еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген спорт сүйер қауым қатысады деп күтілуде. Жарысқа кәсіби спортшылармен қатар әуесқой жүгірушілер де қатысып, түрлі қашықтықтарда бақ сынайды. Балалар үшін 1 және 5 шақырымдық, ал ересектер арасында 12, 21 және 50 шақы-рымдық трейл-жарыстар өт-кізіледі.

Марафон тек спорттық бәсеке ғана емес, Қарқара-лының табиғаты мен турис-тік әлеуетін танытатын ерек-ше мерекеге айналмақ. Шара аясында жергілікті қолөнер-шілердің «BUGYLY JARMENKE» көрмесі ұйымдастырылып, келушілер ұлттық қолөнер бұйым-дарымен танысып, жергілікті шеберлердің туындыларын тамашалай алады.

Соныменқатарқатысушылар мен қала қонақтарына ар-налған «Музейдегі тұн» мә-дени іс-шарасы өткізіліп, Қар-қаралының бай тарихи-мә-дени мұрасымен жақынырақ танысуға мүмкіндік жасалады.

Ұйымдастырушылар аудан тұрғындары мен қонақтарын марафоншыларға қолдау көрсетіп, спорт пен туризмді ұштастырған ерекше мерекенің куәсі болуға шақырады. Бұл – белсенді демалысты ұнататын жандарға, отбасылық серуенді бағалайтын тұрғындарға және өңірдің көркем табиғатын тама-шалауды қалайтын қонақтарға арналған айтулы шара.

Қосымша ақпаратты +7 775 171 11 94 телефоны арқылы немесе buglytrail.kz ресми сайты арқылы алуға болады.

Қарқаралы төрінде өтетін республикалық «QARQARALY BUGYLY TRAIL» марафонына келіп, спорт мерекесінің сәнін арттырайық!

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралының қасиетті топырағында дүниеге келіп, адал ғұмырын өлге, от-басына арнаған ардақты жан, асқар тау әкеміз **БАШЕЕВ ОРЫНБАСАР (ӨРКЕН) СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ** дүниеден өткеніне бес жыл толып отыр.

Жылдар өтсе де, жарқын жүзіңіз, са-бырлы мінезіңіз, парасатты сөзіңіз бен қамқор көңіліңіз жүрегімізден өшкен емес. Біз үшін Сіз әрдайым отбасының тірегі, әулетіміздің ақылшысы, адамгершілігі мен еңбекқорлығы арқылы кейінгі ұрпаққа өнеге болған ардақты жан болып қала бересіз.

Өмірден өтсеңіз де, артта қалған ұрпағыңыз Сіздің есіміңізді құрметпен еске алып, жарқын бейнеңізді мәңгі жүрегінде сақтайды. Сізден қалған ізгілік, адалдық пен елге деген сүйіспеншілік – бізге аманат.

Осыған орай барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, көрші-қолаң және көз көрген жамағатты ардақты әкеміз Башеев Орынбасар (Өркен) Сүлейменұлының рухына ба-ғышталып берілетін құран бағыштау және еске алу асына шақырамыз.

Өтетін күні: 15 тамыз 2026 жыл, уақыты: сағат 12:00.
Өтетін орны: Әл-Ғаффар мешіті, Восток-3 ықшам ауданы, 5/6, Қарағанды қаласы.

Еске алушылар: **Орынбасар әулеті**

Хабарландыру

«ASIA UNITED RESOURCES GROUP CORPORATION LTD» ЖК Қарағанды облысы Тоғай-2 кен орнында темір кендерін өндіру бойынша ТАУ-КЕН ЖҰМЫСТАРЫ ЖОСПАРЫНА көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өтеді:
-26.08.2026ж 11:30 Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты ауылы, Тәуелсіздік № 13, Өкімдік.

Төтенше жағдай немесе шектеу шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы бойынша бейнеконференция фоматында өтеді:

Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXNOYVkwD0pyQkQxbFdvMnIta0lmdz09>

Конференция идентификаторы: 934 972 0393. Қолжеткізу коды: 4rtj3.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: «ASIA UNITED RESOURCES GROUP CORPORATION LTD» ЖК
БСН: 240840900143, Мекенжайы. ҚР, Есіл ауданы, Түркістан көшесі 34Б үйі, 20-көне, Ұялы тел. 87773177502.

Әсер ету аймағы:
- ҚР, Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы.

Кен орны орталығының географиялық координаттары: 1. 49° 24' 6.77" 76° 3' 54.60" 2. 49° 24' 6.78" 76° 3' 27.30" 3. 49° 24' 22.50"76° 3' 27.30" 4. 49° 24' 22.50" 76° 3' 54.60";

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ECO project of city» ЖШС, БСН 150640014249, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел: 87773177502. Эл.мекенжай: sema-200992@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО сайтының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады expertiza.upr_krg@mail.ru.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қабылданады.

Қосымша ақпаратты электрондық мекенжай бойынша алуға болады: sema-200992@mail.ru.

Объявление

ЧК «ASIA UNITED RESOURCES GROUP CORPORATION LTD» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях намечаемой деятельности на ПЛАН ГОРНЫХ РАБОТ по добыче железных руд на месторождении Тоғай-2 в Карагандинской области.

Общественные слушания пройдут:
-26.08.2026г 11:30 Карагандинская область, Каркаралинский район, село Бакты, Тәуелсіздік №13, Акимат.

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, общественные слушания пройдут в формате видеоконференции по платформе ZOOM:

Активная ссылка проводимых общественных слушаний: <https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXNOYVkwD0pyQkQxbFdvMnIta0lmdz09>

Идентификатор конференции: 934 972 0393. Код доступа: 4rtj3.

Инициатор намечаемой деятельности: ЧК «ASIA UNITED RESOURCES GROUP CORPORATION LTD».

БИН: 240840900143, Адрес. РК, район Есиль улица Түркістан дом 34Б оф. 20 Сот. 87773177502.

Территория воздействия:
- РК, Каркаралинский район, Карагандинская область.

Географические координаты центра месторождения: 1. 49° 24' 6.77" 76° 3' 54.60" 2. 49° 24' 6.78" 76° 3' 27.30" 3. 49° 24' 22.50" 76° 3' 27.30" 4. 49° 24' 22.50" 76° 3' 54.60";

Разработчик проектной документации: ТОО «ECO project of city», БИН 150640014249, г.Павлодар, ул.Гагарина 76/61, тел: 87773177502. Эл.адрес: sema-200992@mail.ru.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО в разделе «Общественные слушания» expertiza.upr_krg@mail.ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: sema-200992@mail.ru.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарқаралы қаласындағы № 1 орта мектеп ұжымы осы мектептің мұғалімі Кәмен Гүлзәт Берікқызына әкесі Беріктің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Азамат МЕИРХАНОВ КАЛКАМАН ХАСЕНОВИЧ 12.11.2025 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М.Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 712146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Жақсының аты өлмейді

Аздаған ғана үзіліспен 69 жыл өмір сүрген тарихында бұрынғы Қу (кейін Егіндібұлақ, одан соң Қазыбек би атанған) ауданын бірталай адам басқарды. Олардың арасында мемлекеттің, соның ішінде өктем ұлттың ұстанған бағыты мен саясатына орай жергілікті жұртты ықтырып, ызбарын шаша келгені де, жылы сөйлеп, жылмысқы істерін жүргізгені де, тұрғындармен тіл табысып, тату жұырдай араласқаны да болды. Сол көп басшының ішінде халықтың көңілінен шыққан, күні бүгінге дейін есімі зор ілтипатпен аталатын адам – Нарманбет Қожамұратұлы Садықов.

Нарекең Жетісудың тұмасы, 1925 жылы қазіргі Қаратал ауданының орталығы Үштөбе қаласында жарық дүние есігін ашқан екен. Балалық және жасөспірім шағы қазақ даласын жайлаған ашаршылық нәубетіне, саяси қуғын-сүргінге дәп келген оның тіршілік үшін күресі ерте басталса керек. Екінші дүниежүзілік соғыс қызу жүріп жатқан 1942 жылы орта мектепті бітірген бозбала аудандық «Екпінді еңбек» газетіне есепші болып жұмысқа кіріседі. Ол уақытта орта білім – үлкен олжа. Басылымның есеп-қисабын жүргізумен қатар, қолы қалт еткенде шағын хабарлар жазып, редакцияға келген оқырман хаттарын өңдеп, журналистикаға алғашқы қадамын жасайды. Сталинград түбінде фашистердің үлкен әскери тобы талқандалып, фельдмаршал Паулюс бастаған тағы бір тобы тұтқынға түскеннен кейін де қантөгіс соғыс өршімесе, бәсеңдеген жоқ. Сондықтан, Үштөбе әс-кери комиссариаты 18 жасқа толған Нарманбетті 1943 жылдың ақпан айында Алматы жаюу әскер училищесіне жібереді. Соғыс жағдайындағы жеделдетілген курсты бітірген соң Ресейдің Иванов облысындағы Тейково қаласында әскери қызметін жалғастырып, бөлімше командирі, взвод командирінің орынбасары лауазымында майданға алынатын жауынгерлерді тездетіп даярлықтан өткізу ісіне қатысады. Тамаша сауаты, бастаған ісіне ұқыптылығы мен жауапкершілігі жоғары шенділерге унағандықтан, жас офицер соғыстың алдыңғы шебіне жіберілмей, біржолата штаб жұмысына қалдырылады. Соғыс аяқталған соң Еуропаның кеңес әскери құрамалары орналасқан елдерінде қызмет атқарып, тек 1947 жылы ғана туған жеріне оралады.

Бейбіт күндегі еңбегін Үштөбе аудандық комсомол комитетінде жалғап, іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен танылған Нарманбет Садықов Алматы жоғары партия мектебіне жолдама алып, коммунистік идеологияға сай сауатын көтерумен қатар 1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдап, журналист мамандығын алып шығады.

Коммунистік идеология салтанат құрып тұрған Кеңес Одағында әрбір білімді маман – партия солдаты: Қазақстан КП Орталық Комитеті Н.Садықов Қарағанды облысындағы, Еңбек резервтері министрлігіне қарасты №3/9 тау-кен мектебінде директордың мәдени-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметіне жіберіледі. Бір жылдан соң партия жұмысына ауыстырылып, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, насихат және үгіт

бөлімінің сектор меңгерушісі лауазымында еңбек етеді. Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны өрістеп тұрған кез. Облыс басшылығы Нарманбетті Нұра ауданына, Киевқадағы Қызыл қазақ машина-трактор станциясына партком хатшысы етіп жібереді. 1956 жылдың күзінде Нұра аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланған, болашағынан үміт күттіретін жас маманды Мәскеу жоғары партия мектебіндегі даярлықтан өткізуге жолдама берілген екен. Оны тәмамдаған Нарманбет Қожамұратұлы Қоңырат (кейінгі Ақтоғай) аудандық партия комитетіне бірінші хатшы болып сайланады.

1968 жылдың көктемінде орын алған шулы оқиғадан кейін Егіндібұлақ аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне ауысып келген Н.Садықов адамдармен тіл табысу, шаруашылықты ұйымдастыру, жоғарғы органдар алдына мәселе қойып қаржылай көмек алу сияқты жұмыстарда әбден ысылған басшы еді. Ол алдымен орталықтардан шалғайда жатқан, өркениет игілігінен кенже қалған, ашаршылық нәубеті мен саяси қуғын-сүргін зардабын тартқан, Семей ядролық сынақ полигонының залалын шегуші өңір халқының әлеуметтік жағдайын шешуге ден қойды. Заңғар жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиядасында бір кейіпкері «халық – шыны ыдыс: бос ұстасан, қолыңнан түсіп кетеді; қатты ұстасаң, сынып қалады» десе, екінші кейіпкері «халық – алмас қылыш, дұрыс ұстап, дәл шапсаң, алып түспейтін жауың жоқ» дейді ғой. Екінші ұстанымды негізге алған Нарманбет Садықов жергілікті адамдармен бірге туғандай араласып, біте қайнасып кетті. Мектеп жасындағы балаларын Қарағандыдағы үлгілі оқу орындарына апармады, бәрі ауылда оқыды. Кейбір басшылар сияқты өзімен бірге «командасын» әкелген жоқ. Ауыл азаматтарына сенім артып, жас мамандарды жауапты жұмыстарға қойды. Ол «өсірген» Т.Ілімбаев, Т.Мәжитов, Д.Қарасартов сынды жігіттер кейін облыс деңгейінде басшылық қызмет атқарды, Ө.Ыдырысов, М.Сұлтанбеков, М.Мұздыбаев, Х.Ақынов, М.Нұрқенов, М.Құләміров, Е.Теміров, М.Тезекбаев сияқты азаматтар бір-бір шаруашылықты дөңгелетіп әкетті. Олардың қай-қайсы да Нарекеңнің өздеріне тигізген шалағатын, адамгершілік қасиеттері мен ішкі мәдениетін ризашылықпен еске алып отырғанына сан мәрте куә болдық.

Кеңестік жүйеге тән ерекшелік: әкім-шілік бөліністі басқаруда инженер, агроном, зоотехник, экономист, т.б. салалық мамандарға басымдылық берілді. Нарекең сол уақыттары аудан тізгінін ұстаған гуманитария саласының сирек өкілдерінің бірі шығар. Ол осы мүмкіндігін толығымен пайдаланды, адамды алдыдағы жоспарды орындау үшін қажетті материал емес, қоғамды қалаған мақсатқа өзгерте алатын тұлға деп білді. Нақты мысал: 1974 – 1976 жылдары Қарағанды облысы аграрлық саласының басшылығы қойды қыста төлдету бастамасын көтеріп, Егіндібұлақ ауданына қарасты «Арқалық» совхозының Сарытөбе қонысынан қыста туған қозы электр қуатымен жылынатын, жемшөпті малға ұнтақтап беретін, баздың ішін арнайы құралмен тазалайтын құрылғылары бар заманауи қой қора мен қос пәтерлі малшы үйін салып, экспериментті жүзеге асыруды



тәжірибелі малшы деп менің әкеме жүктеді.

Қыстаққа жаздың соңында көшіп бардық. Тамыздың ортасында қуық алу, сонымен қоса қойды қолдан ұрықтандыру науқаны басталып кетті. Ауыл, совхоз басшылары өз алдына, облыстың ауылшаруашылығы басқармасының бастығы Корчемаха, аупарткомның бірінші хатшысы Н.Садықов, ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Ғ.Нұрділдин, бас зоотехнигі З.Ыбыраев бастаған атқамінерлер күн құрғатпай келіп, кейбіреуі қона жатады. Топтың ішінде Нарекеңнің ықыласы бөлек: мамандығы журналист болған соң әкейдің ашаршылықта Сібір тайғасында, соғыс кезінде неміс тұтқынында, Түркістан легионында, соғыстан кейін Магадан лагерінде басқан кешкен оқиғаларына құныға ден қойып, арасында сұрақтар береді. Өңгімесін ықыласпен тыңдаған жанға адамның айрықша пейіл беретіні хақ. Әкей де Нарекеңді құрмет тұтты.

– Ақсақал, осы бастаған істі абыроймен жалғастырып, қыста қоздаған әр саулыққа қозы ертсең, қолыңнан жетектеп, өзінді азапқа салған Мәскеудің Қызыл алаңын үш рет айналдырып келемін, – деп қалжыңдайды хатшы.

Бағым-күтімі келіспен мал төлді болып, 1975 жылдың көктемінде әкей әр жүз саулықтан 105 қозы алды. Ет, жүн өндіру жоспарын да асыра орындады. Бірақ, хатшы уәдесін орындай алмады: жыл соңында мемлекеттік марапат алғандар қатарында әкей болған жоқ. Бірақ, аудан басшысының уәдесін алға тартып дауласатын жан емес, үндемей қалды. Арада біраз уақыт өтіп, малды ауылдарды аралаған бір сапарында Нарманбет Қожамұратұлы:

– Сөз қозғамасаңыз да ішіңіздегі өкпені білемін, Балтаға! «Халық жауы» деген шала соңыңызда жүргенін біз естен шығарып алсақ та, кейбір ағайын ұмытпаған екен. Ең бастысы, бас аман болсын! Басқа не дейін? – дегені санада жазылып қалды. Арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де ұмытылар емес.

Өңгімені әкей ұмытса да, Нарекең ұмытпаған екен, жыл қорытындысы бойынша Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалы мен сыйлығы «Арқалық»

совхозы, Едірей бөлімшесінің аға шопаны Б.Қаюповқа берілді. Жалпы, қысы-жазы мал соңында жүретін, еңбек демалысы, шипажай дегенді білмейтін, төтенше келген ауру болмаса дәрігер мен аурухананың бет-жүзін көрмейтін малшыларды ең болмаса моральдік жағынан көтермелеу үшін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Садықов оларды мемлекет марапатына ұсынуга ерекше ден қойды. Жаз ортасына таман Қу тауының аса көркем бір қойнауында малшылар слетін өткізіп, барынша сый-сипат жасауды дәстүрге айналдырды. Сол мереке барысында әкімшілік тәртіп бұзған шопан, бақташыларды қатаң жазаламай, ескертумен босатып жіберуді де қадағалап отыратын.

Жоғарыда айтқандай, мамандығы агроэнеркәсіп саласына дәп келмесе де, Нарманбет Садықов ата-бабаларының ежелгі кәсібімен шұғылданып, бұйығы жатқан шалғайдағы ауданға өзгеріс ала келді. 1968 жылдан бастап өңірдегі ауылдарға, тіпті түкпірдегі қыстақтарға дейін жоғары көрнеулі электр желісі жетті. Хатшының тікелей ықпалымен тұрғындар теледидар хабарын тамашалай бастады. Малшылар жайлауда жалпылдақ шаммен отырмауы үшін олар АБ-1 шағын көлемді электр моторымен жабдықталды. Бұл да журналист хатшының жаңалыққа құмарлығы нәтижесінде жүзеге асқан бағдарламаның бірі. Кезекті поштана қарастырып отырған хатшы «Техника молодёжи» журналынан тасымалдауға қолайлы, көлемі шағын болғанмен, бірнеше үйді жарықтандыруға, мұздатқыш пен теледидарға қуаты жететін аппаратты көріп, тапсырыс береді. Оны аудан орталығында сыннан өткізгеннен кейін, малшы қауымға жаппай таратты. Жетпісінші жылдары қанаттаса жайлауға шығатын көршілес аудандар мен облыстардың адамдары егіндібұлақтық малшыларға қызыға да, қызғана қарайтын.

Жергілікті жастарды техникаға тарту, жүргізушілер, механизаторлар, электрмен дәнекерлеушілер, агроэнеркәсіптік салаға қажетті т.б. мамандар даярлау, совхоздардың машина-трактор паркін ұлғайтып, жетілген заманауи машиналармен жабдықтау бұрын-соңды болмаған дәрежеге жетті. Әрбір қыстақта қуатты техника тұрды. Жемшөп базасын жасау мәселесі шешілген соң мал басы жедел өсе бастады. 1970 – 1975 жылдары Егіндібұлақ өңірінде мемлекет меншігіндегі қой саны 250 мың, жылқы 10 мың, сиыр 12 мың басқа жетті. Ол кезде шаруалардың жеке меншігіндегі мал мен құсты есепке алу дәстүрге енбеген еді.

Жер жағдайы шөлейтті, жартылай шөлейтті, топырақ жамылғысының құнары облыстың өзге өңірлерімен салыстырғанда аз болғандықтан, ауданда егіншілік дамымаған. Соған қарамастан, егіндібұлақтық диқандар жыл сайын мемлекетке 1,5 – 2 миллион пұт астық тапсырып отырды.

Аудан экономикасы жедеп өсуіне маманданған шаруашылықтардың құрылуы серпін берді: 1975 жылы «Арқалық» совхозының Едірей және Айрық бөлімшелері негізінде жылқы өсіруге бағытталған «Айрық» совхозы, ұзамай «Комсомол» совхозының бөлімшесі негізінде мал бордақылауға маманданған «Қаракөл» бірлестігі жұмыс істей бастады. Оларда ондаған тұрғын үй, мәдени-көпшілік мекемелер мен кеңселер ғимараттары бой көтерді. Басқа совхоздарда да мектеп, аурухана, т.б. мекемелердің

үйлері жаңарды. Шаруашылықтардың бәріне көтерме жолдар тартылды. Облыс орталығынан Егіндібұлаққа дейін, кейін ең шалғайдағы Айрық аулына дейін АН-2 ұшағы тікелей қатынасытын. Сол кездері осы жолдардың авторы Алматыдан тәнертеңгі сағат 8.00-де ұшып шығып, тұс ауа Едірейдегі әке-шешесінің ортасында шай ішіп отыратын.

Ең үлкен өзгеріс аудан орталығында орын алды: мұнда екі орта мектеп, кәсіптік-техникалық училище, 350 орындық Мәдениет үйі, пошта-телеграф ғимараты, әмбебап орталық магазин, мейрамхана, талапқа сай тұрғын үйлер салынып, сәулетті көшелер бой түзеді. Ауылда алғашқы ауыз су құбыры іске қосылып, Қарқаралы – Егіндібұлақ арасында асфальт жол тартылды. Енді ғана орташа жөндеу жұмысы қолға алынған тас жол өлге қамқор хатшы Нарманбет Садықовтан қалған мұраның бірі.

Партия қызметіне араласқан соң кәсіби журналистикадан алыстап кетсе де өнер мен әдебиетті жан-тәнімен ұнатқан хатшы ауданның өнер ұжымдары мен ән-ші, күйші, биші қыз-жігіттерге барынша қам-қорлық жасады. Тәттімбет пен Мәдидің, Ғаббас пен Жүсіпбектің кіндік қаны тамған топырақта құрылған «Сарыжайлау» халықтық ансамблінің даңқы республика деңгейінде дүркіреп тұрды. Аты да, мазмұны да халықтық театр өзекті де тартымды қойылымдары арқылы атағын қорғады. Нарекең олардың өнері фестивальдар мен байқаулар кезінде қазылар алқасының ғана көңілінен шықпай, ауылдарда көрсетіліп, жергілікті тұрғындардың рухани игілігіне айналуына да ден қойды.

Нарманбет Қожамұратұлының балаларының тәрбиесіне ден қойып, отбасына жанашырлықпен қамқорлық жасағаны көз алдымызда. Соғыстан кейінгі ауыр жылдары бас қосқан зайыбы Қатима Қасенқызы екеуі екі ұл, екі қыз өсіріп, қоғам мүшесі қатарына қосты. Мырзахметі кейінгі жылдарға дейін медицина колледжінде дәріс берсе, Галина әке жолын қуып журналист болды, БАҚ саласында қызмет атқарды. Олар қазір Астанада тұрады. Әулеттің үлкені Гүлнар мен отставкаға шыққаны Егіндібұлақ ішкі істер бөлімшесін басқарған Нұртай Қарағанды қаласының тұрғындары. Нарекең Балқантау өңірінен тек отбасылық жағдайымен ғана ірге айырды. Әйтпесе, абырой-беделі бір басына жетерлік еді: аудан экономикасы мен халықтың әл-ауқатын жақсартудағы өте жоғары табыстары үшін үш мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. 1975 жылы аудан басшылары арасынан бірінші болып Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды. Бұл – кез-келген азамат үшін зор мәртебе. Өкініштісі, адамға деген мейірімі зор, көңілі дархан азамат алпыс деген асуына да толмай, 1983 жылдың шілдесінде бақыына аттанып кетті.

Әдетте жеке адам туралы очерк, эссе тәрізді шығармалар тұлғаның қандай да мерейтойына орай жазылады. Нарманбет Қожамұратұлының ешбір мерейтойы көкжиекте байқалмайды. Біздікі – бойындағы білімі мен қажыр-қуатын көпшіліктің қуанышы мен бақытына, қоғамның игілігіне бағыштаған қайраткер тұлғаның есімі мен ісі ұмытылмайтынына, дүркін-дүркін алдыдан шығып тұратынына тағы бір мәрте еске салу.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,

Қазақстанның Құрметті журналисі.

??????????

Қарқаралы ауданындағы оқушы IQanat грантын жеңіп алып, Бурабайдағы дарынды балалар мектебінде білім алады

Қарқаралы ауданындағы оқушы IQanat грантын жеңіп алып, Бурабайдағы дарынды балалар мектебінде білім алады.

Қарқаралы ауданы Нұркен ауылындағы №10 мектептің сегізінші сынып оқушысы Кәусар Тоқтаубай IQanat білім беру грантының иегері атанды. Енді олауылдықжерлердегідарынды оқушыларға арналған еліміздің ең үздік білім ордаларының бірі – IQanat High School of Burabay мектебінде тегін білім алады.

Кәусар Тоқтаубай көпса-тылы іріктеуден сүрінбей өтіп, республикалық IQanat олимпи-адасының жеңімпаздары қа-тарына енді. Зияткерлік дода финалы Алматы қаласында ұй-ымдастырылып, оған іріктеудің алдыңғы кезеңдерінде үздік нәтиже көрсеткен мыңнан астам оқушы қатысты. Жалпы, биылғы олимпиадада Қазақстанның

ауыл мектептерінен 60 мыңнан астам оқушы бақ сынады.

Кәусар биыл сегізінші сы-ныпты тәмамдады. Оның сүй-ікті пәндері – биология, мате-матика, ағылшын тілі және қазақ әдебиеті. Сабақтан тыс уақытта ол қазақ ақындарының шығармаларын мәнөрлеп оқып, түрлі көркемөсз оқу байқау-ларына белсенді қатысып кел-еді.

Олимпиадаға дайындықты Кәусар өткен жылдың желтоқсан айында бастаған. Бірнеше ай бойы ол математика, биология және ағылшын пәндері бойынша тыңғылықты дайындалып, білі-мін жүйелі түрде жетілдірген.

– Мен үшін ең үлкен қиындық ағылшын тілінің деңгейін көтеру



болды. Осы жолда мектебіміздің ұстаздары көп қолдау көрсетті. Күнделікті дайындықтың, бейне-сабақтардың және тұрақты те-жірибенің арқасында бұл сы-нақтан сүрінбей өттім, – дейді Кәусар.

Табанды еңбек пен қажырлы ізденістің нәтижесінде ол білім беру грантын жеңіп алып, оқуын IQanat High School of Burabay мектебінде жалғастыру мүмкіндігіне ие болды.

– Біліме беру грантын жеңіп алғанымды естігенде алғашын-да тіпті сене алмадым. Бұл – өмірімдегі ең әсерлі сәттердің бірі болды. Қуаныштан кезіме жас келді, еңбегімнің ақтал-ғанына біраз уаытқа дейін сенбей жүрдім. Ендігі мақ-сатым – Бурабайдағы IQanat мектебін үздік аяқтап, Қа-зақстанның беделді жоғары оқу орындарының біріне түсу. Мен

үшін IQanat – сапалы білімге, жаңа мүмкіндіктерге бастайтын жол. Бұл ауыл балаларының ар-манына қанат бітіріп, өз қабілетін толық ашуына мүмкіндік беретін ең құнды жобалардың бірі екеніне кәміл сенемін, – дейді оқушы.

Болашақта Кәусар өзі де IQanat жобасының қамқоршысы болып, ауылдағы дарынды ба-лалардың қабілетін шыңдап, үлкен жетістіктерге жетуіне қол-дау көрсетуді армандайды.

IQanat – Қазақстанның 250 кәсіпкері қолдау білдіріп отырған әлеуметтік-білім беру жобасы. Жобаның басты мақсаты – ау-ылдық жерлердегі дарынды оқушыларға тұрғылықты жеріне немесе отбасының әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы білім алуға тең мүмкіндік жасау.

Олимпиада жеңімпаздары IQanat High School of Burabay

мектебінде білім алуға арналған грантқа немесе ҰБТ-ға тереңдетілген дайындық-ты, ағылшын тілі мен IT ба-ғытындағы білімді және басқа да заманауи дағдыларды мең-геруге мүмкіндік беретін үш жылдық олимпиададан кейінгі қолдау бағдарламасына ие болады.

Соңғы жеті жылда Қарағанды облысынан 45 оқушы IQanat High School of Burabay мекте-бінде білім алуға арналған гранттың иегері атанды. Қара-ғанды облысының ауылдық өңірлерінен шыққан бес оқушы IQanat білім гранттарын жеңіп алып, енді IQanat High School of Burabay мектебінде тегін білім алады.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС Директоры – Бас редактор Құрманғазы ӨТЕБАЙ	100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй Бас редактор – 31-3-50 (факс) Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23 Бухгалтерия – 31-4-56 E-mail: karkaraly_too@mail.ru Біздің есепшотымыз: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы, ИИК KZ326010191000161842, БИК HSBKZZKX БИН 990940002210	Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арқо» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.	Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылтайшысы: Жұмаханова Ғ.С. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Ғ Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің АҚЗат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516 қайта есепке қою куәлігімен тіркелген.	Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.	Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ, Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 29
---	--	---	---	---	---